

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№132

2017 жылғы 30 мамыр

**Ақтөбе облысында 2018-2021
жылдарға арналған бал ара
шаруашылығы саласын дамыту
Бағдарламасын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысында 2018-2021 жылдарға арналған бал ара шаруашылығы саласын дамыту Бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

облыстық мәслихаттың шешімімен
бекітілген

**Ақтөбе облысында 2018-2021 жылдарға арналған
бал ара шаруашылығы саласын дамыту
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**2018-2021 жылдарға арналған бал ара шаруашылығын дамыту
бағдарламасының
ПАСПОРТЫ**

Бағдарламаның атауы	Ақтөбе облысында 2018-2021 жылдарға арналған бал ара шаруашылығы саласын дамыту Бағдарламасы
Бағдарламаны дайындауға жауапты атқарушы орган (бұдан әрі - Бағдарлама)	Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы
Дайындауға негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы
Бағдарламаның мақсаты	Ақтөбе облысында бал ара шаруашылығын қамтамасыз ету және демеу; Ішкі нарықты бал ара өнімдерімен толықтай қамтамасыз ету; Бал өнімі көлемін ұлғайту арқылы бал өндіруші облыстар арасында республика бойынша негізгі позицияларға шығу; Бал ара өнімдерін қайта өңдеуге қолайлы жағдай туғызу; Бал ара шаруашылығын ауылдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға оң әсерін тигізетін Қазақстанның агрокешеніндегі маңызды сектор ретінде насихаттап, көшілікке таныту
Бағдарламаның міндеті	Бал арасы шаруашылығының өндірістік базасын нығайту; Бал өндірісін ұлғайту; Саланы білікті кадр, мамандармен қамтамасыз ету; Бал арасы өнімін тұтынуды ұлғайту арқылы ел денсаулығын нығайтуға қатысу, бал тұтыну мәдениетін қалыптастыру; Ауылшаруашылығы өнімін өндірушілерінің органикалық өнімге қоса дақылдардың өнімділігін арамен тозаңдандыру арқылы арттыру мақсатында бал арасы шаруашылығы мүмкіндіктерін

	<p>пайдалануын қамтамасыз ету;</p> <p>Эрозияға ұшыраған және шөлейттеніп бара жатырған жерлерді рекультивациялау әдісі ретінде бал алынатын өсімдік конвейерін дамыту және қолдау;</p> <p>Бал арасы өнімін қайта өңдеу және қаптамаларға құюмен айналысатын шағын кәсіпорындарды құру;</p> <p>Жерсіндірілген аналық пен бал ұяларын өсірумен шұғылданатын ірі асыл тұқымды омарталардың құрылуына қолайлы жағдай туғызу</p> <p>Бал арасы шаруашылығына керекті құрал жабдық өндіретін отандық өндірушіні қолдау</p>
Бағдарламаны асыру мерзімі	2018-2021 жылдар.
Бағдарламаны қаржыландыру көлемі және көздері	Бағдарлама шараларының қаржылай жалпы көлемі – 418,72 млн. теңге, оның ішінде - 211,5 млн. теңге «Жұмыспен нәтижелі қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы,
Бағдарламадан күтілген нәтижелер	<p>Бал арасы ұясы санын – 5000 дейін ұлғайту.</p> <p>Бал өндірісін жылына 250 тоннаға жеткізу.</p> <p>Облыстағы омарта санын өсіру</p> <p>Этномофильді ауыл шаруашылық өсімдіктерін арамен тозаңдандыру арқылы өнімділігін арттыру, органикалық өнім өндіруді дамыту</p> <p>Бал алынатын өсімдік конвейерін егу бағдаларамасын дамытуға жағдай туғызу арқылы эрозияға ұшыраған және шөлейттеніп бара жатырған жерлерді рекультивациялау</p> <p>Ауылда жаңа жұмыс орындарын құру (кемінде 150 адам), ауылдық аймақтардан тұрғындардың көшуін тоқтату;</p> <p>Бал арасы өнімі негізінде дайын түрін көбейту, мұның ішінде дәрі-дәрмек, биологиялық актив қоспалар т.б.</p> <p>Денсаулығыққа кері әсер тигізетін экологиялық факторлардың күшін бала арасы өнімін тұтынуды ұлғайту және кеңінен апитерапия әдістерін пайдалану арқылы азайтып халық денсаулығын нығайту;</p> <p>Қазақстандық омарташылардың асыл тұқымды аналық және арауя сұраныстарын қамту;</p> <p>Ауруға төзімді жерсіндірілген ара тұқымын жасау үшін шетелдік асыл тұқымды ұяларды шекарадан</p>

	<p>кіргізбеу;</p> <p>Бал арасы өнімдерінің Қазақстандық бренд нарығына шығу, сертификатталған бал арасыөнімін Қытай және ЕБ елдеріне экспорттау</p> <p>Бал арасы өнімін қайта өңдеу және қаптамаларға құюмен айналысатын шағын кәсіпорындарының жұмыс істеуі</p> <p>Бал арасы шаруашылығына керекті құрал жабдық өндіретін 1 мекеменің жұмыс істеуі</p> <p>Омарташыларға ветеринар-санитарлық дәрігерлердің білікті қызмет көрсетуі</p>
--	---

КІРІСПЕ

Бал арасы шарушылығы – ауылшаруашылық дақыл өсімдіктері мен жабайы өсімдік тұқымдарының толыққанды өнуі үшін тозаңдандыруды қамтамасыз ететін және өсімдіктердің молаюына себепкер ең басты ауылшаруашылық салаларының бірі. Бұған қоса аралар – бал, тозаң, аналық сүт, ара уы, прополис, балауыз секілді құнды өнімдердің қайнар көзі болып табылады. Қазақстанның келешекте бал арасы шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің алғаш бестігіне кіруіне толық мүмкіндігі бар. 1990 және 2008 жылдары арасында Республикамызда болған әлеуметтік-экономикалық, демографиялық кейбір себептерге байланысты арауяларының саны бастапқы деңгейінен 90%-ға азайды. Негізгі себеп кадр дайындаудың тоқтатылуы, аралардың бақылаусыз Өзбекстанның оңтүстік өңірлерінен әкелінуі, ғылыми зерттеулердің координаторы болған 1-ші Қазақ ара шаруашылығы тәжірибелік стансасының жойылуы, ғылыми зертеу жұмыстарын қаржыландырудың тоқтатылуы деп атауға болады.

Дамыған елдердің (США, Канада, Аргентина, Қытай, Австралия) бал арасы шаруашылығында пайдаланылатын қарқынды технологияны зерделеп Қазақстанның шаруашылығы саласын дамыту бағдарламасын жасауға, жергілікті шарттарға бейімдеуге және жаңа технологияларды әкелуге мүмкіндік бар. Бұл елдердегі араны көбейту мен баптаудың, бал арасы шаруашылығы өнімдерін өндірудің жаңа технологияларымен Қазақстанда қолданылып жүрген технологиядан түбегейлі айырмашылықтар табуға болады. Шетел технологиясы омарташылардың еңбегін жеңілдетеді, өнім құнын төмендетеді және өндірілген өнім сапасын арттырады.

Бал арасы шаруашылығы ауылшаруашылығының табиғатқа зиян келтірмейтін, керісінше оны аялайтын салаларының бірі. Бұған қоса бал арасы шаруашылығы фермерлерге қосымша табыс көзін және жаңа жұмыс орындарын ашады.

Түріне байланысты ауылшаруашылық дақылдарын аралар арқылы тозаңдандыру өнім көлемінің 10 - 60% арасында өсіуіне себепші болады. Арамен тозаңдандыру арқылы алынатын қосымша өнімнің құны бал арасы шаруашылығының негізгі өнімдерінен түсетін жылдық табыстан бірнеше есе көп.

Жармалық және бұршақ тұқымдастарды қосқанда өсімдіктердің 80% пайызы тозаңдануға зәру болып келеді. Тозаңдандырушы жәндіктер болмағанда кейбір өсімдіктер жер бетінен жойылып кетер еді.

Бүгінгі таңда облыста бал арасы шаруашылығымен 34 қожалық бар, оларда жалпы ара ұясы саны 470.

Бал өндірісінің 2016 жылғы көрсеткіштері

ЛПХ 54% - КХ, ТОО, ИП 46%

Ескерту: Жеке шаруашылықта өндірілген бал қала базарларына жеткізілмей ауыл және аудан тұрғындары тарапынан тұтынылады.

SWOT Анализ

<p>Артықшылықтары Ақтөбе облысы бал арасы шаруашылығын дамытуға қолайлы суармалы және ауылшаруашылығына тиімділерді қоса алғанда жері ресурстарына бай. Облыстың аграрлық өндірісінің дамуы – еліміздің азық-түлік қауыпсіздігінің кепілі</p>	<p>Кемшіліктері Облыс бал арасы шаруашылығы өнімін өндеуді дамытуға жеткілікті, бірақ толықтай игерілмеген әлеуетке ие.</p>
<p>Мүмкіндік Бағдарламаны енгізу арқылы өндіріс, өндірістік өңдеу, маркетинг, ас тағамдарының қауіпсіздігі туралы мемлекеттік қызметтер, технологияны шығару және тарату, маркетингтік ақпаратты қоса алғанда мал шаруашылығы проблемалары кеңінен қамтылады</p>	<p>Қауіп Жоқ деуге болады, себебі бал өндіру Ақтөбе облысының бренді болып табылады.</p>

Ақтөбе облысының бал ара шаруашылығын дамытудың проблемалары

№	Бал ара шаруашылығының мәселелері	Ескертпе
1	Республика бойынша бал арасы шаруашылығын үйлестіретін бір орталықтың болмауы	Бал арасы шаруашылығы саласында республикалық құрылымдардың жүйесіз ортаға шығуы
2	Бал арасы шаруашылығы мәдениетінің төмендігі, ескі технологиялармен жұмыс жасау	Семинарлардың санын көбейту және бал ара шаруашылығы бойынша атаулы гранттар беру
3	Омарталардағы ара ұяларының аз өнімділігі	Бал арасы ұяларының өнімділігін еселеп ұлғайтуға мүмкіндік беретін ара шаруашылығының жаңашылдық

		әдістерін енгізу
4	Омарталардағы асыл тұқымды селекциялық жұмыстың жүргізілмеуі және омарта көшуінің бақыланбауы	Замануи инновациялық асыл тұқымды шаруашылық құру
5	Асыл тұқымды өнім, арауя және тозаңдандыру үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсету жүйесінің болмауы	2017-2021 жылдарында АШК дамуына арналған бағдарламада тек асыл тұқымды өнімге жәрдем ақы қарастырылған. Әр ара ұясына және КТО-ға тапсырылған өнімге тиесілі жәрдемақы туралы сұрақтар бар.
6	Жоғарғы және орта буын арасы шаруашылығы кадрларын дайындау және қайта дайындау жүйелерінің болмауы	ҚР Білім Министрлігі арқылы мамандық кодын енгізу қажет

Ақтөбе облысы бал арасы шаруашылығының табысты дамуына әсер ететін негізгі факторлар

1-ші фактор: Бал өнімділігін және сапасын арттыру.

2-ші фактор: Бал арасы шаруашылығындағы инфраструктураны дамыту.

1-ші фактор: Бал өнімділігін және сапасын арттыру

№	Міндетер	Шаралар
1	Қожалықтарды айналым қаражатымен қамтамасыз ету. Қағида: «Уақытында толық көлемде»	Облыстық және ҰБХ «КазАгро» қаржы институттары арқылы төмендетілген пайыздық үстеме ақымен қаржыландыру бағдарламасын қарастыру
2	Бал арасы шаруашылығы қарастырылмаған аудандарда омарталар ашу	Ақпараттық қолдау арқылы бал арасы шаруашылығына жұмыссыз ауыл тұрғындарын тарту
3	Асыл тұқымды ара шаруашылығы жүйесін дамыту	Асыл тұқымды ара шаруашылығына жәрдем ақы төлеуге жаңа жүйе қабылданған жағдайда оны 5 жыл бойы өзгертпеу
4	Кадр дайындау	Облыстық семинар өткізу және тілек білдірушілерді «Бал-Ара»

	омарташылар бірлігі бағдарламалары арқылы шетелде оқыту.
--	--

2-ші фактор: Бал арасы шаруашылығындағы инфраструктураны дамыту

№	Міндетер	Шаралар
1	КТО (бал арасы өнімін толықтыру, қаптамалау, сақтау, тасымалдау және сатумен шұғылданатын Көтерме-тарату ортылығын) құру	Облыс орталығында «Таншолпан» ШҚ күшімен жылына 100 тонна бал қабылдап, қаптап, сататын мүмкіндігі бар цех ашылды.
2	Тұрақты омарталар ашу	Омарташылар күшімен бал алынатын өсімдік конвейерін ұйымдастыру мақсатында омартаға жер телімдерінің берілуі

Бал арасы шаруашылығының қазіргі жағдайы.

20-шы ғасыр аяғындағы нарықтық өзгерістерге дейін Қазақстанда 350 мыңнан астам ара ұясы, оның 35% - совхоздарда, 11% - колхоздарда, 6% түрлі мемлекеттік шаруашылықтарда және 48% - жеке қожалықтарда болған. Республика аумағы климаттық және бал жинау шарттарына байланысты – шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік және орталық болып анық 6 бал арасы шаруашылығы аймақтарына бөлінген. Бал арасы шаруашылығы үшін 30 ға тарта биологиялық полифлерлі бал түрлері алынатын тек 200 ден астам өсімдік маңызды болып табылады. Биік таулы аймақтарда биологиялық қор - 125 мың тонна (2,5 млн. ара ұясы), таулы орманды аймақта - 200 мың тонна (4 млн. ара ұясы). Таулы жазықты аймақтың мүмкіндігі 175 мың тонна бал (3,5 млн. ара ұясы). Майлы, жарма дақылдары, жемдік өсімдік егілген аймақтарды ескеретін болсақ бал арасы шаруашылығы мүмкіндігі бұдан да көбейіп, қосымша 500 мың тонна (10 млн. ара ұясы) денгейіне жетеді. Осылайша елімізде 20 млн. ара ұясын ұсатуға мүмкіндік бар.

Бал арасы шаруашылығынан негізгі пайданы этномофильді өсімдіктердің өнімінің өсуі арқылы өсімдік шаруашылығы табады. Бұл пайда аралардың бал, балауыз, өсім т.б. секілді беретін өнімнен **5-10 есе артық тікелей табыс** береді. Алма бақтарының және басқа жеміс-жидек өсімдіктерінің арамен тозандануы жағдайында өнім орташа есеппен 50-60%, күнбағыста - 40-50%, қарақұмықта - 60% артады.

Бал өнімі				
тонна				

	Барлық шаруашылықтар санаты	Ауыл шаруашылық кәсіпорындары	Шаруа және фермерлік қожалықтар	Жеке шаруашылықтар
Облыс бойынша	12,9	-	5,9	7,0
Ақтөбе қаласы	1,5	-	-	1,5
Қарғалы ауданы	5,1	-	3,6	1,5
Мартөк ауданы	3,2	-	2,3	0,9
Мұғалжар ауданы	3,0	-	-	3,0
Ойыл ауданы	0,1	-	-	0,1

Омарталардың беретін өнімін санау бір ара ұясын барлық ара санына орташа статистикалық өнімділікке көбейту арқылы есептеледі. Бұл мәліметтер толық қанды дерек бермейді, себебі ара ұялары туралы облыста да, республикада да дерек жоқ.

Негізгі тура мәліметті бал ара өнімінің бөлшек және көтерме сауда бағасының өсуінен көруге болады. 2017 жылдың 1 қаңтарындағы баға 2007 жылғы бағамен салыстырғанда 70-80% ға өсті, бұл ауыл тұрғындарының мамандық таңдауда бал арасы саласына ден қоюына көмектесті.

Республика бойынша қолға алынған шаралар

- ҚР бал арасы шаруашылығының маңыздылығы және беделі туралы БАҚ арқылы мәселе көтерілуде;
- Үкімет, ҚР Парламент Сенаты, облыстық және аудандық әкімдік деңгейінде бал арасы шаруашылығын үйлестіру ортылығын қалпына келтіру, бал арасын ғылыммен қамтамасыз етуді қаржыландыру туралы мәселелер көтерілуде;
- Асыл тұқымды омарта желісі, оқшауланған ара ұшу жерлері бар асыл тұқымды қожалық құру мәселесі қарастырылуда;
- Мамандарды бал арасы шаруашылығының жаңа технологияларымен таныстырып, қайта оқытатын жоғары деңгейлі омарталар құру мәселесі қарастырылуда;
- Мамандармен бал арасы шаруашылығы кәсіби семинарлары және мемлекеттік қызметкерлермен бал арасы шаруашылығы проблемалары және оны шешу жолдары туралы семинарлар өткізілуде;
- Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан бал арасы шаруашылығы өнімдерін ауыр еңбек шарттарында жұмыс жасайтын жұмысшылардың ас мәзіріне қосу мүмкіндігі қарастырылуда;
- Бал арасы өнімін балаларды тамақтандыруға қосу мүмкіндігі қарастырылуда.

Күтілетін нәтижелер

Мемлекеттік бағдарлама аясында бал арасы шаруашылығын үйлестіру орталығын қайта құру арқылы асыл тұқымды ара жерсіндіру жұмысы, ара ауруларын емдеу және болдырмауды зерттеу, асыл тұқымды омарта желісін жаңғырту және бал арасы мамандарын дайындау жұмысы атқарылатын болады.

Жасалған шаралар нәтижесінде ара ұя саны, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы артады, дайын тауар өнімі арқысында аудан, облыс, Республика бюджетіне қаржы құйылады, отандық бал арасы өнімі арқылы халықтың азық түлік түрі көбейеді. Бал арасының негізгі табысы ауыл шаруашылық этномофильді дақылдардың өнімінің 30-50% өсуінен келетін болады.

Ақтөбе облысы бойынша бал арасы шаруашылығын дамытуға байланысты шаралардың ЖОСПАРЫ

- Облыстың бал арасы шаруашылықтарында араны асыл тұқымдастыру жұмысын субсидиялау (облыста асыл тұқымды омарта құру);
- Ауыл шаруашылық этномофильді дақылдарды тозандандыру шығындарын субсидиялау;
- Асыл тұқымды ара ұясымен селекциялық жұмыс жүргізу және бал өндіру шығындарын субсидиялау (1 ара ұясына 20 000 теңге);
- Орталықтандырылған КТО-ға бал тапсыру шығындарын субсидиялау әр тапсырылған кг үшін 200 теңге;
- Технология трансферті арқылы жеке өндірістің кеңейтілуі;
- Бал беретін өсімдіктер конвейері желісін орнату бағдарламасын жасау және дамыту;
- Бал арасы шаруашылығының қарқында әдістерін және маркетинг пен сату тәсілдерін үйрету;
- Омарталардың технологиялық базасын жаңарту;
- Бал арасы өнімін өңдейтін цехтар ашу;
- Араға керекті тасымал құралдарын, омарта керек жарақтарын өндіретін кәсіпорын ашу;
- Жанар жағар майды субсидиялау;
- Ғылыми-өндірістік омарта ашу;
- Облыстағы бар омарталарды тіркеп, құқықтық құжаттарын реттеу.

Бал арасы шаруашылықтарының дамуы

Атауы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	Барлығы
Құрылатын бал арасы шаруашылықтарының саны	34	40	50	62	77	77
Жыл басындағы ара ұясы саны, дана	480	770	1200	2500	3500	5000
Сатып алынатын ара ұясы саны, шт		430	1300	1000	1500	x
Ара ұясын омарта және т.б. құралдармен бірге сатып алу шығыны (шамамен 1 ара ұясы 50,0 мың теңге)	x	21,5	65	50	75	211,5
Жыл басындағы ара ұя санына байланысты субсидия шығыны (20,0 мың теңге 1 ара ұясы)	7	15,4	24	50	70	159,4
КТО-ға тапсырылған өнімге берілетін субсидия шығындары (Орташа есеппен дайын өнімнің 60% - 200 теңге/кг)	x	4,62	7,2	15	21	47,82
Керекті қаржы мөлшері, млн.тенге	x	41,52	96,2	115	166	418,72
Өндірілетін өнім (1 ара ұясы – 50 кг бал), тн	24	38,5	60	125	175	250
Жаңа жұмыс орындары	x	24	50	70	100	150

Ескертпе: Қазіргі таңда облыста бал арасы шаруашылығымен 34 қолжалық айналысуда, ара ұясы саны 470. Осы бағадарлама нәтижесінде 2021 жылы облыста жылына 250 тонна бал өнімін шығару мүмкіндігі бар, жалпы дайын өнім құны 500 млн құрайтын 77 шаруашылық және 5000 ара ұясы болады және 150 ауыл тұрғынына жаңа жұмыс орыны ашылады.

Субсидиялау үшін қажетті қаражат есебі

Шығын түрі	2018 жыл			2019 жыл			2021 жыл						Барлығы субсидия. млн теңге
	Ара ұясы саны	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	Ара ұясы саны	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	Ара ұясы саны	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	Ара ұясы саны	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	
Селекциялық асылдандыру жұмыстарын субсидиялау	770	20	15,4	1 200	20	24	2500	20	50	3500	20	70	159,4

Наименование затрат	2019 жыл	2021 жыл	Барлығы субсидия. млн теңге
----------------------------	-----------------	-----------------	------------------------------------

	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	Тапсырылған балл	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	Тапсырылған балл, тн	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	Тапсырылған балл, тн	Субсидия нормасы. мың теңге	Барлығы субсидия. млн теңге	
КТО-ға тапсырылған өнімге берілетін субсидия шығындары (Орташа есеппен дайын өнімнің 60% - 200 теңге/кг)	0,2	4,62	36	0,2	7,2	75	0,2	15	105	0,2	21	47,82

Ақтөбе облысы бал ара ұяларының санын өсіруге және басқа жабдық құралдарға керекті қайтарылатын қаражаттың есебі

Наименование	2018 жыл	2019 жыл	2021 жыл	Барлығы. млн теңге
--------------	----------	----------	----------	--------------------

затрат	Ара ұясы саны	Шығын нормасы. мың теңге	Барлығы. млн теңге	Ара ұясы саны	Шығын нормасы. мың теңге	Барлығы. млн теңге	Ара ұясы саны	Шығын нормасы. мың теңге	Барлығы. млн теңге	Ара ұясы саны	Шығын нормасы. мың теңге	Барлығы. млн теңге	
Ара ұясын омарта және т.б. құралдармен бірге сатып алу шығыны (шамамен 1 ара ұясы 50,0 мың теңге)	430	50	21,5	1300	50	65	1000	50	50	1500	50	75	211,5

Ескерту: көрсетілген шығыстарға жоғарыда түсінік берілген «1-ші фактор: Бал өнімділігін және сапасын арттыру»

Аудандар кесіндісінде 2018-2021 жылдарға ара ұяларын құрудағы индикативті тапсырмалар

№	Аудандар	2018 жыл			2021 жыл								
		01.06 2017ж . ара ұясы саны	Ара ұяс ын сатып алу ға тап сыр ма	Барлы ғы	Жыл басына жоспар ланған ара ұясы саны	Ара ұясын сатып алуға тапсы рма	Барлығ ы	Жыл басына жоспар ланған ара ұясы саны	Ара ұяс ын сатып алу ға тап сыр ма	Барлығы	Жыл басына жоспар ланған ара ұясы саны	А р а ұ я с ы н с а т ы п а л у ғ а т а п с ы р м а	Бағдарлама мерзімі соңында жоспарланға н ара ұясы саны
1	Ақтөбе қаласы	70	100	170	170	250	420	420	200	620	620	200	820
2	Алға	20	20	40	40	100	140	140	100	240	240	200	440

3	Әйтекеби			0	0	50	50	50	100	150	150	200	350
4	Қарғалы	250	130	380	380	300	680	680	200	880	880	250	1130
5	Қобда			0	0	25	25	25	50	75	75	100	175
6	Мартөк	280	100	380	380	250	630	630	100	730	730	250	980
7	Мұғалжар	80	40	120	120	125	245	245	50	295	295	100	395
8	Темір	40	40	80	80	80	160	160	100	260	260	100	360
9	Ойыл	30	25	30	30	120	150	150	100	250	250	100	350
	Всего:	770	455	1200	1200	1300	2500	2500	1000	3500	3500	1500	5000